

**"Әзірбайжан Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Түркіменстан және Өзбекстан Республикасы арасындағы Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі Орталық Азия өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығын құру туралы келісімді ратификациялау туралы"**  
**Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 1 шілдедегі N 662 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Әзірбайжан Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Түркіменстан және Өзбекстан Республикасы арасындағы Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі Орталық Азия өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығын құру туралы келісімді ратификациялау туралы"  
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К. Мәсімов*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы**

**Әзірбайжан Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Түркіменстан және Өзбекстан Республикасы арасындағы Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі Орталық Азия өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығын құру туралы келісімді ратификациялау туралы**

Астанада 2006 жылғы 24 шілдеде қол қойылған Әзірбайжан Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Түркіменстан және Өзбекстан Республикасы арасындағы Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі Орталық Азия өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығын құру туралы келісім ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

**Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі Орталық Азия өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығын құру туралы Әзірбайжан Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Түркіменстан және Өзбекстан Республикасы арасындағы КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Әзірбайжан Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Түркіменстан және Өзбекстан Республикасы

Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз өндірісін, айналымын, теріс пайдаланылуын бақылау саласындағы өзара түсіністік, ынтымақтастық туралы 1996 жылғы 4 мамырдағы меморандумның тараптары бола отырып,

есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымының және онымен байланысты қылмыстың елеулі зардаптарынан (бұдан әрі - есірткінің заңсыз айналымынан) халықтардың өмірі мен денсаулығын, сондай-ақ мемлекеттердің қауіпсіздігі мен басқа да негізін қалайтын мүдделерін қорғау қажеттігін сезіне отырып,

есірткінің заңсыз айналымының өсуіне және оларды теріс пайдалануға байланысты проблемалардың шиеленісуіне қатты алаңдаушылық білдіре отырып,

халықаралық құқық және Тараптар заңнамаларының жалпыға танылған қағидаттары мен нормаларын басшылыққа ала отырып,

мемлекеттердің егемендігін, тәуелсіздігін, аумақтық тұтастығын өзара құрметтеу және бір-бірінің ішкі істеріне араласпау негізінде есірткінің заңсыз айналымына қарсы күресте және олардың прекурсорларын бақылауды жүзеге асыруда халықаралық ынтымақтастықты нығайтудың маңыздылығын мойындай отырып,

1961 жылғы Есірткі құралдары туралы бірыңғай конвенцияның, 1961 жылғы Есірткі құралдары туралы бірыңғай конвенцияға түзетулер туралы 1972 жылғы Хаттаманың, 1971 жылғы Психотроптық заттар туралы конвенцияның, 1988 жылғы Есірткі құралдарының және психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы БҰҰ конвенциясының, Біріккен Ұлттар Ұйымының басқа да тиісті қарарлары мен құжаттарының мақсаттарынан ескере отырып,

төмендегілер туралы келісті:

## **1. Жалпы ережелер**

### **1-бап**

Осы Келісімнің мақсаттары үшін төменде келтірілген ұғымдар мынаны білдіреді:

ОАӨАҰО - Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың

прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі Орталық Азия өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығы (бұдан әрі - Орталық);

жіберуші мемлекет - Орталықта жұмыс істеу үшін өз өкілін жіберуші Тарап;

болатын мемлекет - оның аумағында Орталық орналасқан Тарап;

құзыретті органдар - Тараптардың функцияларына есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс-қимылды жүзеге асыру кіретін құзыретті органдары;

құзыретті халықаралық ұйым - оның функциясына есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс-қимылмен байланысты мәселелер кіретін халықаралық ұйым;

Кеңес - Тараптардың Ұлттық үйлестірушілерінің кеңесі;

Орталықтың басшылығы - директор, орынбасар/директордың орынбасарлары;

лауазымды адам - Орталықта жұмыс істеу үшін Тарап жіберген және тиісті штаттық лауазымға тағайындалған құзыретті органның өкілі;

қаржылық бақылаушы - Орталықтың барлық қаржы операцияларын бақылауды қамтамасыз ететін Орталықтың лауазымды адамы;

қызметкер - Орталықтың қызметін әкімшілік және техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын Орталықтың штаттық қызметкері;

Орталықтың персоналы - Орталықтың лауазымды адамдары мен қызметкерлері;

өкілетті өкіл (байланыс офицері) - осы құзыретті органның кадрында тұратын және мемлекеттің құзыретті органдары мен Орталықтың арасындағы байланысты жүзеге асыру үшін Орталыққа жіберілген, Тараптың құзыретті органының өкілі;

отбасы мүшелері - жұбайы (зайыбы), кәмелетке толмаған балалары және лауазымды адамдар мен өкілетті өкілдердің асырауындағы және олармен үнемі бірге тұратын адамдар;

Тараптардың өкілдері - Орталық өткізетін отырыстар мен іс-шараларға Тараптар жіберетін делегациялардың басшылары, олардың орынбасарлары, делегаттар, кеңесшілер, техникалық сарапшылар және делегациялардың хатшылары;

ұлттық үйлестіруші орган - Орталық пен Тараптардың ұлттық құзыретті және басқа да мемлекеттік органдары арасында өзара іс-қимыл жасасуды үйлестіру және ақпарат алмасу үшін Тараптар тағайындайтын орган;

шектеулі рұқсат етілген ақпарат - құпия және жасырын ақпарат;

құпия ақпарат - осы Келісімді іске асыру тәртібімен берілген (алынған), сондай-ақ олардың санкцияланбаған таратылуы Тараптардың қауіпсіздігіне немесе мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін Тараптардың ынтымақтасуы процесінде пайда болған, Тараптар мемлекетінің әрқайсысының заңнамасына сәйкес қорғалатын кез-келген нысанда көрінетін мәліметтер;

құпия ақпарат - Тараптардың заңнамасына сәйкес рұқсат ету шектелген ақпарат;

жедел ақпарат - есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес саласындағы жедел-іздістіру сипатындағы мәліметтер;

Өзге ақпарат - есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес саласындағы

анықтамалық, талдау, статистикалық және өзге сипаттағы мәлімет;  
ақпарат алмасу - Тараптардың, Орталықтың және үшінші тараптардың ақпарат алуы  
ж ә н е б е р у і ;

ОАӨАҮО ОДБ - ОАӨАҮО-ның орталықтандырылған деректер банкі;  
бақылаушы - осы Келісімнің Тарапы болып табылмайтын, оларға Орталықтың  
жанындағы бақылаушы мәртебесі берілген мемлекет, құзыретті халықаралық ұйым;  
үшінші тарап - Келісімнің Тарапы болып табылмайтын, Орталықтың жанындағы  
бақылаушы мәртебесі жоқ мемлекет, құзыретті халықаралық ұйым;  
Орталықтың үй-жайлары - нысанына және оларға меншік құқығының тиесілігіне  
қарамастан, осы ғимараттарды немесе ғимараттардың бір бөлігіне қызмет көрсететін  
жер учаскесін қоса алғанда, Орталықтың мақсаттары үшін пайдаланылатын ғимараттар  
немесе ғимараттардың бір бөлігі.

## **2-бап**

1. Осымен Тараптар Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың  
прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі Орталық Азия өңірлік  
ақпараттық үйлестіру орталығына құрылтайшы болады. Орталық Қазақстан  
Республикасының Алматы қаласында орналасқан.

2. Орталықтың (қалада, мемлекетте) болу шарты Үкіметтің (мемлекеттің) және  
Орталықтың арасындағы жекелеген келісіммен айқындалады.

## **3-бап**

1. Орталық есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі келісілген  
бірлескен халықаралық операцияларды ұйымдастыруда, өткізуде және үйлестіруде  
жәрдем көрсету жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін мемлекетаралық өңірлік ақпараттық  
үйлестіруші орган болып табылады. Орталық сондай-ақ есірткінің заңсыз айналымына  
байланысты трансшекаралық қылмыс жөніндегі ақпаратты жинауды, сақтауды,  
қорғауды, талдауды және алмасуды қамтамасыз етеді.

2. Орталық өз қызметінде осы Келісімнің ережелерін және Тараптардың  
ш е ш і м д е р і н б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

3. Орталықтың міндеттері мен функциялары осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып  
табылатын Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың  
прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі Орталық Азия өңірлік  
ақпараттық үйлестіру орталығы туралы ережемен (бұдан әрі - ОАӨАҮО туралы ереже)  
айқындалады.

## **4-бап**

Орталық заңды тұлға мәртебесіне ие және осы ретте осы Келісімге және болатын  
мемлекетінің заңнамасына сәйкес құқықтарды пайдаланады және Орталықтың  
артықшылықтары мен иммунитеттеріне зиян келтірмей, міндеттемелер алады.

## **5-бап**

1. Орталықтың қызметін қаржыландыру донор-мемлекеттердің қаражаты, халықаралық ұйымдардың көмегі және Тараптардың салымы есебінен жүзеге асырылады.

2. Орталықтың бюджетін орындау, бюджет бойынша есеп беру және қаржы аудиті тәртібін ОАӨАҮО туралы ереже белгілейді.

## **2. Ақпарат алмасуды және келісілген бірлескен халықаралық операцияларды ұйымдастыру**

### **6-бап**

1. Ақпарат алмасу Тараптардың ұлттық заңнамасына сәйкес ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтай отырып:

өкілетті өкілдер арқылы Тараптардың;  
Тараптар мен Орталықтың;  
Орталық пен бақылаушылардың;

Орталық пен үшінші тараптардың арасында жүзеге асырылады.

2. Тарап Орталыққа жіберілетін ақпаратқа рұқсат деңгейін, сондай-ақ оны басқа Тараптарға, бақылаушылар мен үшінші тараптарға беру тәртібін дербес айқындайды.

3. Ақпаратты ұсынатын Тарап, ақпарат көзінің сенімділігі мен растығы дәрежесі жағынан оның дәлдігіне, жіктелуіне жауап береді.

4. Ақпаратқа рұқсат деңгейін ауыстыруды оны берген Тарап жүзеге асырады. Қолда бар жедел және өзге ақпаратты өңдеу және талдау нәтижесінде алынған талдау, анықтамалық және статистикалық материалдарды беру оларды дайындау кезінде ақпараты пайдаланылған Тараптың келісімімен жүзеге асырылады.

5. Ақпарат алмасу шеңберінде Орталық:  
келіп түскен ақпаратты жинауды, өңдеуді, жүйелеуді, сақтауды және қорғауды;  
анықтамалық, талдау, статистикалық материалдарды дайындауды;  
келіп түскен сұрау салулар бойынша ақпарат беруді жүзеге асырады.

6. Ақпарат беру туралы сұрау салу, яғни ақпарат техникалық немесе өзге байланыс құралдарын пайдалана отырып, қорғалған арналар арқылы да жіберіледі.

7. Ақпарат алмасу процесінде не ОАӨАҮО ОБД алынған ақпаратты пайдаланушылар қорғау, өңдеу режимін және осы ақпаратты пайдалану тәртібін бұзғаны үшін ұлттық заңнамаға сәйкес жауап береді.

8. Орталықтың Орталықтандырылған деректер банкіні құру және оның жұмыс істеу тәртібі ОАӨАҮО туралы ережемен реттеледі.

9. Құпия ақпарат алмасу тәртібі, сондай-ақ одан әрі қорғау және онымен жұмыс істеу тәртібі жеке келісіммен айқындалады.

### **7-бап**

1. Келісілген бірлескен халықаралық операцияларды және жедел-іздістіру іс-шараларын, оның ішінде бақыланатын жеткізулерді ұйымдастыруда, өткізуде және үйлестіруде көмек көрсету бөлігінде Орталық қызметінің шеңберінде Тараптардың

құзыретті органдары арасындағы ынтымақтастық көмек көрсету туралы мүдделі Тараптардың сұрау салулары негізінде жүзеге асырылады.

2. Көмек көрсету туралы сұрау салу жазбаша немесе электронды нысанда беріледі.

3. Кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда ауызша түрдегі сұрау салу қабылдануы мүмкін, ол 3 тәуліктің ішінде жазбаша немесе электронды нысанда р а с т а л у ы т и і с .

4. Ақпаратты берудің техникалық құралдарын пайдаланған кезде, сондай-ақ сұрау салудың түпнұсқалығына немесе түпнұсқа сұрау салудың мазмұнына қатысты күмән туындаған жағдайда сұрау салынатын Тарап сұрау салатын Тараптан жазбаша немесе электронды нысанда растауды сұрай алады.

5. Көмек көрсету туралы сұрау салу:  
сұрау салушы Тараптың атауын;  
сұрау салынатын Тараптың атауын;  
сұрау салудың мәні мен оның негіздемесін қысқаша баяндауды;  
сұрау салуды орындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтиды.

6. Сұрау салынатын Тарап сұрау салуды жылдам және мүмкіндігінше толық орындауды қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды. Сұрау салу оның келіп түскен күнінен бастап 30 тәулік ішінде орындалады. Шұғыл қарауды қажет ететін жағдайларда - 10 тәулікке дейін, кейінге қалдыруға болмайтын сұрау салулар алған кезде дереу орындалады.

7. Сұрау салынатын Тарап өз аумағында сұрау салуды орындау кезінде, егер бұл олардың заңнамасына қайшы келмесе, сұрау салушы Тараптың өкілдеріне қатысуға р ұ қ с а т е т у і м ү м к і н .

8. Сұрау салуды орындау мүмкін болмаған немесе орындаудан бас тартылған кезде, сұрау салынатын Тарап бұл туралы сұрау салушы Тарапты жазбаша нысанда дереу х а б а р л а й д ы .

9. Егер сұрау салынатын Тарап оны орындау мемлекеттің егемендігіне, қауіпсіздігіне, басқа мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін болса немесе оның заңнамасына қайшы келеді деп ұйғарса, сұрау салуды орындаудан толық немесе ішінара бас тартуы м ү м к і н .

10. Егер сұрау салынатын Тарап сұрау салуды дереу орындау оның аумағында жүзеге асырылатын қылмыстық қудалауға немесе өзге өндіріске кедергі келтіруі мүмкін деп ұйғарса, ол сұрау салуды орындауды кейінге қалдыра алады немесе сұрау салушы Тараппен консультациялардың негізінде қажетті деп белгіленген талаптарды сақтай отырып, оның орындалуын байланыстыра алады. Сұрау салушы Тараптар ұсынылған талаптарда оған көмек көрсетуге келіскен жағдайда ол осы талаптарды с а қ т а у ы т и і с .

11. Тараптар ақпаратты, яғни Тараптардың ақпарат алмасуының мәні болып

табылатын есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі құжаттар мен материалдардың мазмұнын қорғауды және оның құпиялылығын қ а м т а м а с ы з е т е д і .

12. Сұрау салушы Тарап алынған ақпаратты сұрау салуда көрсетілген мақсаттарда ғ а н а п а й д а л а н а д ы .

13. Ақпарат, оның ішінде құжаттар мен материалдар осы ақпаратты берген Тараптың алдын ала жазбаша түрдегі келісімінсіз ешкімге де берілмейді.

14. Сұрау салуды оның құпиялылығын сақтай отырып орындау мүмкін болмаған жағдайда сұрау салынатын Тарап бұл туралы сұрау салушы Тарапты хабардар етеді, ол мұндай жағдайларда сұрау салуды орындау туралы шешім қабылдайды.

15. Тараптар өз аумағында сұрау салуды орындау жөніндегі шығыстарды өздері к ө т е р е д і .

16. Егер Тараптар өзге туралы жазбаша уағдаластыққа қол жеткізбесе, Тараптар қабылдаушы Тараптың аумағына өз өкілдерінің іссапарына және тұруына байланысты барлық шығыстарды өзі көтереді.

### **3. Орталықтың қызметін ұйымдастыру**

#### **8-бап**

1. Әрбір Тарап Орталықтан өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асыратын Ұлттық үйлестіруші органын және құзыретті органдар тізбесін айқындайды, бұл туралы осы Келісім күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаннан кейін 30 күн ішінде депозитарийге жазбаша хабарлайды.

2. Тараптардың бірінің құзыретті органдарының тізбесі өзгерген жағдайда ол бұл туралы депозитарийге жазбаша хабарлайды.

3. Тараптар ұлттық үйлестіруші органдарға өздерінің міндеттерін орындауға мүмкіндік беретін, әсіресе тиісті ақпаратқа қол жеткізу бөлігіндегі жағдайларды қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

#### **9-бап**

1. Тараптар Орталықтың қызметін бақылауды Кеңес арқылы жүзеге асырады.

2. Кеңес құрамына әр мемлекеттен үйлестіруші құзыретті органның басшысы және Ор т а л ы қ д и р е к т о р ы к і р е д і .

3. Кеңес Орталық қызметінің стратегиялық бағыттарын белгілейді.

4. Кеңестің функцияларына мыналар кіреді:

Орталық қызметінің негізгі бағыттарын айқындау және көптарапты есірткіге қарсы операцияларды өткізуге байланысты туындайтын мәселелерді шешу кезінде көмек к ө р с е т у ;

Орталық басшылығы лауазымына тағайындау үшін кандидатураларды қарау және келісу әрі мемлекет басшыларына оларды бекітуге ұсыну;

Орталықтың құрылымы мен штаттық кестесін бекіту;

Орталықтың қызметін бақылау;

Орталықтың алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуді шешу үшін қажетті ресурстарды айқындау;

бюджетті қалыптастыру, бекіту және оның орындалуын бақылау;

Орталықтың қызметі бойынша қаржы және аудиторлық есеп беруді зерделеу; ақпаратты және деректер базасын қорғау деңгейінің жай-күйін жүйелі түрде қарау;

Орталық пен Тараптардың құзыретті органдары арасындағы даулы мәселелерді қарау;

Орталықтың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерден туындайтын басқа да функциялар.

5. Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кем дегенде екі рет уағдаластық бойынша Тараптардың бірінің аумағында өткізіледі.

6. Кеңес отырысында, әдетте отырысты өткізетін мемлекеттің өкілі төрағалық етеді.

7. Кеңестің отырыстарында шешімдер консенсус негізінде қабылданады, егер отырыста Кеңес мүшелерінің кемінде 3/4 қатысса, шешім қабылданды деп есептеледі.

#### **10-бап**

1. Лауазымды адамдарды жұмыс істеу үшін Орталыққа жіберу тәртібі жіберуші мемлекеттің ұлттық заңнамасымен белгіленеді.

2. Орталық персоналының жұмыс мерзімдері, шарттары мен тәртібі, сондай-ақ атқаратын лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары мен орындайтын міндеттерінің сипаттары ОАӨАҰО туралы ережемен белгіленеді.

3. Орталықтың персоналын ақшалай ұстау Орталықтың бюджетінен қамтамасыз етіледі.

#### **11-бап**

1. Өкілетті өкілдер (байланыс офицерлері) Орталыққа өздері кадрында тұратын құзыретті органдардың ұсынысы бойынша іссапарға жіберіледі және осы ведомстволардың кадрында қалдырылуы тиіс.

2. Өкілетті өкілдердің Орталықта болу мерзімі жіберуші мемлекеттің заңнамасына сәйкес белгіленеді.

3. Өкілетті өкілдер Орталықтың штатына кірмейді.

4. Өкілетті өкілдердің міндеттері мен функциялары ОАӨАҰО туралы ережемен белгіленеді.

#### **12-бап**

1. Осы Келісімнің Тарапы болып табылмайтын мемлекетке құзыретті халықаралық ұйым белгілеген тәртіппен бақылаушы мәртебесі берілуі мүмкін.

2. Бақылаушы мәртебесін беру шарты, бақылаушылар өкілдерінің міндеттері мен функциялары ОАӨАҰО туралы ережемен белгіленеді.

#### **4. Артықшылықтар мен иммунитеттер**

#### **13-бап**



1. Орталықтың лауазымды адамдары халықаралық қызметшілер болып табылады.
2. Қызметтік міндеттерін орындау кезінде олар қандай да болмасын Тарапқа және/немесе үкіметке, ұйымға немесе жеке адамға сұрау салмауы немесе нұсқау алмауы тиіс.

3. Әрбір Тарап Орталықтың лауазымды адамдарының функцияларының халықаралық сипатын мүлтіксіз құрметтеуге және олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде оларға ықпал етпеуге міндеттенеді.

#### **14-бап**

1. Орталықтың лауазымды адамдары Тараптардың аумағында:

1 ) м ы н а л а р д ы :

рұқсат ету шектелген ақпаратты, егер ол басқа адамдардың игілігі болса, жария ету ф а к т і л е р і н ;

Орталыққа немесе лауазымды адамға тиесілі не оның басқаруындағы көлік құралынан болған жол-көлік оқиғасына байланысты келтірілген зиянды өтеу туралы т а л а п т а р д ы ;

лауазымды адамның тарапынан болған әрекеттен өлімге немесе дене жарақатына байланысты келтірілген зиянды өтеу туралы талаптарды қоспағанда, лауазымды адамдар ретінде айтылған немесе олар жазған және барлық жасаған іс-әрекеттері үшін қылмыстық, азаматтық және әкімшілік жауапкершілік алмайды;

2) еңбекақы және Орталық төлейтін өзге де сыйақылардан алынатын салықтардан б о с а т ы л а д ы ;

3) мемлекеттік борыштардан босатылады;

4) өздерінің отбасы мүшелерімен бірге иммиграция бойынша шектеулерден және шетелдіктер ретінде тіркеуден босатылады;

5) валюта операциялары саласында Тараптардың аумағында дипломатиялық агенттерге берілетін артықшылықтарды пайдаланады;

6) халықаралық дағдарыстар уақытында дипломатиялық агенттер репатриация бойынша қандай жеңілдіктерді пайдаланатын болса, өздерінің отбасы мүшелерімен бірге сондай жеңілдіктерді пайдаланады;

7) лауазыммен бастапқы айналысқан және келісім-шарттың тоқтатылуына байланысты болған мемлекеттен кеткен кезде нақты қызмет көрсету түрлері ( қызметтер) үшін төлем болып табылатындарды қоспағанда, кедендік баж салығын, салықтар мен алымдар төлемей, автокөлік құралын қоса алғанда, өздері жеке пайдалануға арналған мүлікті болатын мемлекеттің нормативтік құқықтық актілеріне с ә й к е с ә к е л у г е / ә к е т у г е құқылы.

2. Орталықтың қызметкерлеріне осы баптың 14.1.-тармағы 2) тармақшасының ережелері қолданылады.

#### **15-бап**

1. Орталықтың лауазымды адамдары және олардың отбасы мүшелері осы келісімде көзделген артықшылықтар мен иммунитеттерді баратын жеріне келе жатқанда болатын мемлекеттің аумағына кірген сәттен бастап немесе егер олар сол аумақта болса, лауазымды адамдар өздерінің міндеттерін орындауға кіріскен сәттен бастап п а й д а л а н а д ы .

2. Лауазымды адам функциясын аяқтаған кезде оның артықшылықтары мен иммунитеттері, сондай-ақ болатын мемлекеттің азаматтары болып табылмайтын оның отбасы мүшелерінің артықшылықтары мен иммунитеттері бұл адам болатын мемлекеттен кеткен сәттен немесе 30 күн өткеннен кейін тоқтатылады. Отбасы мүшелері болуды тоқтатса, отбасы мүшелерінің артықшылықтары мен иммунитеттері қысқартылады, бірақ түсініктемеде, егер мұндай адамдар болатын мемлекеттен 30 күннің ішінде кетуге ниет білдірсе, онда олардың артықшылықтары мен иммунитеттері олардың кету сәтіне дейін сақталады.

3. Лауазымды адам қайтыс болған жағдайда оның отбасы мүшелері олардың болатын мемлекеттен кету сәтіне дейін немесе 30 күн өткенге дейін оларға берілген артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдалануды жалғастыра береді.

#### **16-бап**

Орталықтың лауазымды адамдарына визалар ресімдеу лауазымды атқару үшін шақыру-хат немесе іссапар нұсқамасы болған кезде жеделдетілген тәртіппен және ақысыз негізде жүргізіледі.

#### **17-бап**

1. Тараптардың өкілдеріне олар өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде, сондай-ақ қатысушы-мемлекеттердегі Орталық ұйымдастыратын іс-шаралар өткізу орнында болу уақытында және мынадай артықшылықтар мен иммунитеттер қайта б е р і л е д і :

жеке өзін қамауға алу немесе ұстау және жеке қол жүгін тұтқындау иммунитеті, сондай-ақ қылмыстық, азаматтық және әкімшілік жауапкершіліктен олардың айтқаны немесе жазғаны, сондай-ақ олардың өкілдер ретінде жасаған барлық іс-әрекеттері үшін б о с а т у ;

барлық қағаздар мен құжаттарға қол сұқпаушылық;  
шифрді пайдалану, курьерлер мен вализдер арқылы қағаздарды немесе хат-хабарды а л у және ж і б е р у қ ұ қ ы ғ ы ;

олардың өздерін және олардың жұбайларын (зайыптарын) шетелдіктерді иммиграциялау, тіркеу немесе олар уақытша болатын немесе өздерінің қызметтік міндеттерін орындау үшін өтетін елдегі мемлекеттік борыштар жөніндегі шектеулерден а л у ;

уақытша қызметтік іссапарлардағы шетел үкіметтерінің өкілдеріне ақша немесе валюта айырбастауға қатысты қандай жеңілдіктер берілсе, дәл сондай жеңілдіктер; дипломатиялық өкілдіктерге олардың жеке қол жүгіне қатысты қандай

иммунитеттер мен жеңілдіктер берілсе, дәл сондай жеңілдіктер; әкелінетін тауарларға (олардың жеке қол жүгінің бір бөлігін құрамайтын) кеден алымдарынан немесе акциздік алымдардан немесе сату алымдарынан босатуды талап ету құқығын қоспағанда, дипломатиялық өкілдіктер пайдаланатын басқа да артықшылықтар, иммунитеттер мен жеңілдіктер.

2. Сөз бостандығын және өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде тәуелсіздікті қамтамасыз ету үшін Тараптардың өкілдері олардан айтқан немесе жазған іс-әрекеттерге қатысты, сондай-ақ олардың шектеулі рұқсаты бар ақпаратты жариялау жағдайларын қоспағанда, олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде жасаған барлық іс-әрекеттерге қатысты қылмыстық, азаматтық және әкімшілік жауапкершіліктен босатылады. Осы ереже Тараптардың өкілдері тиісті тұлға болып табылуы тоқтағаннан кейін де қолданысын жалғастыра береді.

3. Егер салықтардың қандай да бір нысанының салымы Тараптар өкілдерінің өздерінің міндеттерін орындау үшін қандай да бір қатысушы-мемлекетте болған кезең тұру уақытына тәуелді болған жағдайда тұру мерзіміне есептелмейді.

4. Осы баптың 17.1-тармағы 1), 2) және 3) тармақшаларының ережелері азаматтықты алған немесе өзі өкілі болып табылатын немесе болып табылған мемлекеттің өкілдері мен биліктері арасындағы өзара қарым-қатынасқа қолданылмайды.

## **18-бап**

1. Өкілетті өкілдер мен олардың отбасы мүшелері артықшылықтар мен иммунитеттерді болатын мемлекеттегі дипломатиялық агент үшін көзделген көлемде п а й д а л а н а д ы .

2. Бақылаушылардың өкілдеріне берілген артықшылықтар мен иммунитеттердің көлемі оның болу шарттары туралы болатын мемлекеттің Үкіметі мен Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі Орталық Азия өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығы арасындағы Келісіммен айқындалады.

## **19-бап**

1. Осы Келісіммен бекітілген артықшылықтар мен иммунитеттерден басқа, Орталықтың лауазымды адамдарының өкілетті өкілдері мен бақылаушылардың өкілдері, сондай-ақ олармен бірге тұратын олардың отбасы мүшелері тараптардың қалауы бойынша халықаралық құқыққа сәйкес дипломатиялық агенттер мен олардың отбасы мүшелеріне берілетін басқа да артықшылықтар мен иммунитеттер бөлінуі м ү м к і н .

2. Лауазымды адамдар, өкілетті өкілдер, Тараптардың өкілдері мен бақылаушылардың өкілдері пайдаланатын артықшылықтар мен иммунитеттер оларға жеке пайдасы үшін емес, Орталықтың мүддесіндегі өздерінің ресми функцияларын тиімді, тәуелсіз орындау үшін беріледі.

3. Орталықтың лауазымды адамдардың, өкілетті өкілдердің жеке пайдасы немесе өзге де адамдардың пайдасы үшін коммерциялық немесе кез келген басқа да қызметпен айналысуға құқығы жоқ.

4. Осы Келісімге сәйкес артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланатын барлық адамдар олардың артықшылықтары мен иммунитеттеріне зиян келтірмей, Тараптардың заңнамасын құрметтеуге және олардың ішкі істеріне араласпауға міндетті.

## **20-бап**

1. Орталықтың персоналы мен өкілетті өкілдер Тараптар аумағындағы еркін қозғалысты, егер бұл мемлекеттік қауіпсіздіктің түсінігі бойынша тыйым салынатын немесе реттелетін аймақтар, келу туралы Тараптардың заңнамасына қарама-қайшы келмесе, олардың өздерінің ресми функцияларын орындау үшін қандай мөлшерде қажет болса, соншалықты деңгейде пайдаланады.

2. Орталықтың персоналы мен өкілетті өкілдер Тараптардың аумағында осы адамдардың мәртебесін куәландыратын құжаттар ретінде Тараптардың билік органдары мойындайтын қызметтік куәліктерді пайдаланады.

3. Лауазымды адамдар және өкілетті өкілдер, сондай-ақ олардың отбасылары үшін болатын мемлекетте болған кезеңге және одан өзінің мемлекетіне қайтып оралғанда жіберуші мемлекеттің заңдарымен және өзге нормативтік құқықтық актілермен белгіленген барлық жеңілдіктер, кепілдемелер және төлемақылар, сонымен қоса ақшалай ұстау, тұрғын үйді броньдап қою, медициналық қызмет көрсету жағдайларын, атағын, еңбек сіңірген жылдарын, сондай-ақ оларға Орталыққа жіберілер алдында атқарған лауазымынан төмен емес лауазым ұсынуды қоса алғанда, сақталады.

4. Орталық персоналын және өкілетті өкілдерін зейнетақымен қамтамасыз ету Тараптардың заңнамасы бойынша жүзеге асырылады.

5. Орталық персоналының және өкілетті өкілдерінің жұмыс уақыты, сондай-ақ олардың жұбайларының (осы мемлекеттің азаматтары болып табылмайтын) болатын мемлекеттің аумағында болу уақыты Тараптардың заңнамасына сәйкес олардың еңбек өтіліне есептеледі.

## **21-бап**

1. Орталықтың мүлігі мен активтері қатысушы-мемлекет тарапынан әкімшілік немесе сот араласуының кез-келген нысанынан иммунитетті пайдаланады.

2. Орталықтың үй-жайы мен көлік құралдары, сондай-ақ оның мұрағаттары мен құжаттары, оның ішінде қызметтік хат-хабарлары, олардың орналасқан жеріне қарамастан тінтуге, реквизициялауға, конфискациялауға және Орталықтың қызметіне бөгет болатын кез келген басқа нысандағы қол сұғушылыққа жатпайды.

3. Орталықтың үй-жайы және көлік құралдары кез-келген Тараптардың заңдары бойынша қудаланатын немесе кез-келген Тараптардың біріне немесе үшінші мемлекетке берілуі тиіс адамдар үшін баспана бола алмайды.

4. Орталықтың үй-жайының және көлік құралдарының қол сұқпаушылығы

Орталықтың міндеттерімен және функцияларымен үйлеспейтін немесе Тараптардың қауіпсіздігіне, олардың жеке және заңды адамдарының мүдделеріне зиян келтіретін мақсатта оларды пайдалануға құқық бермейді.

5. Орталық ақпаратты беруді қорғауды қамтамасыз ететін шифрларды, курьерлік және басқа байланыс түрлерін пайдалануға құқылы. Орталық дипломатиялық курьерлер мен вализдер тәрізді иммунитеттер мен артықшылықтарды пайдаланатын курьерлердің немесе вализ арқылы хат-хабарларды алуға және жіберуге құқылы.

6. Курьер қызметтік хат-хабарды құрайтын, оның мәртебесі мен орындарының санын көрсете отырып ресми құжатпен жабдықталуы тиіс.

7. Қызметтік хат-хабарды құрайтын барлық орындар, олардың сипатына қарай көрсететін, көрінетін сыртқы белгілері болуы тиіс және ресми пайдалануға арналған тек қызметтік құжаттар мен заттарды ұстай алады.

## **22-бап**

1. Орталық оның активтері және басқа меншік барлық тікелей салықтар мен алымдардан, қосымша құн салығынан (оның ішінде болатын мемлекеттің заңдары мен ережелеріне сәйкес қайтару нысанындағы), болатын мемлекеттің аумағынан алынатын, сондай-ақ қызмет көрсетудің (қызметтердің) нақты түрлері үшін төлемдер болып табылатындарды қоспағанда, Орталықтың үй-жайы үшін бөлінген жалға алу төлемінен б о с а т ы л а д ы .

2. Орталық болатын мемлекеттің аумағынан алынатын, Орталықтың үй-жайы үшін бөлінген жалға алғаны үшін төлемақыны қоса алғанда, барлық тікелей салықтардан, алымдардан, баждардан және басқа төлемдерден босатылады.

3. Орталықтың ресми түрде пайдалануына арналған мүлік пен заттар Тараптардың аумағында кедендік төлемдерді, кедендік баж салығын, салықтарды және осыған байланысты алымдар мен төлемдерді төлеуден босатылады, тасымалдағаны, сақтағаны, осы орындар үшін белгіленгеннен тыс немесе тиісті кедендік органның жұмыс уақытынан тыс кедендік ресімдеу үшін алымдарды қоспағанда, сондай-ақ кедендік ресімдегені үшін қызметтердің және осы тәрізді қызметтердің төлемінен халықаралық ұйымдар үшін көзделген тәртіппен босатылады.

## **5. Қорытынды ережелер**

### **23-бап**

1. Орталықтың жалауы, эмблемасы және басқа рәміздері болады және оларды өздері орналасқан Орталықтың үй-жайлары мен автокөлік құралдарында орналастыра а л а д ы .

2. Тараптар Орталықтың ресми құжаттарын, мөрлерін, мөртабандары мен рәміздерін мойындайды.

### **24-бап**

Орыс тілі Орталықтың ресми және жұмыс тілі болып табылады.

### **25-бап**

Осы Келісім Келісімнің мәні болып табылатын және оның мақсаттары мен міндеттеріне қайшы келмейтін мәселелер бойынша Тараптардың басқа халықаралық шарттарды жасасу құқықтарын шектемейді. Осы Келісім Тараптардың өздері қатысушылары болып табылатын өзге халықаралық келісімдерден туындайтын құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

#### **26-бап**

Осы Келісімді түсіндіру немесе қолдану кезінде туындайтын мәселелер мүдделі Тараптар арасында кеңестер мен келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

#### **27-бап**

Осы Келісімнің депозитарийі Орталықтың болатын мемлекеті болып табылады. Осы Келісімнің расталған көшірмелері оған қол қойылған күнінен бастап 15 күн ішінде басқа Тараптардың депозитарийлеріне таратылады.

#### **28-бап**

1. Осы Келісім төртінші бекітілген грамотаны Депозитарийге сақтауға берілген күннен бастап 30 күніне бекітілуі тиіс және күшіне енеді.

2. Осы Келісімнің мәтініне хаттамалармен ресімделетін және Депозитарийдің Тараптардың мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы төртінші жазбаша хабарламаны алғаннан кейін күшіне енетін өзгерістер мен толықтыруларды барлық Тараптардың келісімімен енгізуге болады.

3. Осы Келісім басқа да мемлекеттердің қосылуы үшін ашық Тараптар Келісімге қосылу туралы шешімді консенсус негізінде қабылдайды.

4. Осы Келісім қосылған мемлекет үшін депозитарийден қосылу туралы құжатты алған күнінен бастап 30 күніне күшіне енеді.

5. Кез-келген Тарап осы Келісімнен болжамды шығу күніне дейінгі 3 айдан кешіктірмей бұл туралы депозитарийге жазбаша хабарлама жібере отырып, шыға алады. Депозитарий осы ниеті туралы басқа Тараптарды шығу туралы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап 15 күн ішінде хабарлайды.

2006 жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды.

ӘЗІРБАЙЖАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН      ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
Ү    Ш    І    Н

ҚЫРҒЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН

Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі Орталық Азия өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығын құру туралы Әзірбайжан Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Түркіменстан және Өзбекстан Республикасы арасындағы келісім

*Президенті*

*Қ ы р ғ ы з      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Қ.С. Бакиев*

## ТӘЖІКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН

## ТҮРКІМЕНСТАН ҮШІН

Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі Орталық Азия өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығын құру туралы Әзірбайжан Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Түркіменстан және Өзбекстан Республикасы арасындағы келісім

*Түркіменстанның*

*Президенти*

*Г.М. Бердымұхамедов*

## ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН

Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі Орталық Азия өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығын құру туралы Әзірбайжан Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Түркіменстан және Өзбекстан Республикасы арасындағы келісімге

қосымша

**Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі Орталық Азия өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығы туралы ереже**

Осы Ереже есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі Орталық Азия өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығының міндеттері мен функцияларын, оларды іске асыру, ОАӨАҮО-ға жұмыс істеу үшін Тараптар жіберген адамдарды тағайындау және қайта шақыртып алу тәртібін белгілейді.

### **1. Міндеттері мен функциялары**

1. Орталықтың міндеттері мен функциялары:  
есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі қатысушы-мемлекеттердің күш-жігерлерін өңірлік деңгейде үйлестіру;  
қатысушы-мемлекеттердің құзыретті органдарының өзара іс-қимыл тетіктерін құру;

есірткінің заңсыз айналымына байланысты трансшекаралық ұйымдасқан қылмысқа қарсы күресте қатысушы-мемлекеттердің құзыретті органдарының арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға жәрдемдесу;  
келісілген бірлескен операциялар мен жедел-ізвестіру іс-шараларын, оның ішінде

бақыланатын жеткізулерді ұйымдастыруға және өткізуге жәрдемдесу;  
есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес саласындағы ақпаратты жедел-іздігіру және анықтамалық жинау, сақтау, талдау және алмасуды ұйымдастыру;  
ақпараттық жүйелерді, оның ішінде Тараптардың құзыретті органдарының деректер базасын біріздендіру жөніндегі шараларды іске асыруға жәрдемдесу;  
ақпаратты жүйелі түрде жинақтау жөніндегі рәсімдерді әзірлеу, Орталықтың деректер банкінің қалыптастыру және толықтыру;  
стандартталған нысандар мен ақпарат алмасу жүйелерін енгізу;  
жедел ақпаратты талдаудың жаңа бағдарламаларын енгізу;  
есірткі жағдайын талдау және тиісті ұсынымдар әзірлеу;  
тараптардың құзыретті органдарына, сондай-ақ аумақтары олардың өтініші бойынша есірткіге қарсы бағдарламаларды іске асыруда есірткінің заңсыз өндірісі және тасымалдау үшін пайдаланылатын басқа мемлекеттерге жәрдемдесу;  
есірткі айналымын бақылау саласындағы қатысушы-мемлекеттердің нормативтік құқықтық базаларын үйлестіруде жәрдем көрсету;  
есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес әдістерін жетілдіру және осы саладағы халықаралық ынтымақтастықты нығайту мәселелері бойынша конференциялар, тренингтер, семинарлар өткізу болып табылады.

## **2. Персонал**

2. Орталықты Кеңестің ұсынысы бойынша қатысушы-мемлекеттердің басшылары тағайындайтын және босататын Директор басқарады.

3. Орталық қызметінің алғашқы екі жылына Директор лауазымына Орталық болатын мемлекеттің өкілі тағайындалады. Кейіннен Директор лауазымына екі жыл мерзімге мемлекеттер атауларының орыс алфавиті тәртібінде ротациялық негізде қатысушы-мемлекеттердің өкілдері тағайындалады.

4. Директор өз еркі бойынша немесе қатысушы-мемлекеттердің бірінің дәлелді ұсынысы бойынша атқарып отырған лауазымынан мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін.

5. Лауазымға бекітудің немесе одан босатудың ұқсас тәртібі (3.2.-тармақтан басқа) Директордың орынбасарына/орынбасарларына қолданылады, бұл ретте Директор, Директордың орынбасары/орынбасарлары бір мемлекеттің азаматтары бола алмайды.

### **6. Орталық Директоры :**

Орталыққа жалпы басшылық жасауды жүзеге асырады және Орталыққа жүктелген міндеттердің орындалуына дербес жауапкершілікте болады;

Кеңеске Орталықтың құрылымы мен штат кестесін бекітуге ұсынады;  
Директор орынбасарының/орынбасарларының, Орталықтың басқа да лауазымды тұлғаларының, сондай-ақ қызметкерлерінің функцияларын, құқықтары мен міндеттерін белгілейді, сондай-ақ олардың орындалуын бақылайды, оларға көтермелеу және тәртіптік жазалау шараларын қолданады;



бұйрықтар, оның ішінде Орталықтың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін лауазымға тағайындау және лауазымнан босату туралы бұйрықтар шығарады; мемлекеттік билік және Тараптарды басқару және басқа да мемлекеттердің органдарымен, сондай-ақ халықаралық ұйымдармен өзара қарым-қатынаста Орталықтың мүддесін білдіреді;

Орталықтың бюджет қаражатына билік етуші болып табылады, жыл сайын шығыстардың негізділігі үшін Кеңес алдында есеп береді.

7. Директордың Орталықтың атынан шарттар жасасуға, Орталықтың қызметі үшін қажетті жылжымалы және жылжымайтын мүлікті сатып алуға және жалға беруге, оларға билік етуге, банк шоттарын ашуға және оларға басшылық етуге, сотта талап қоюшы немесе жауап беруші болуға, донор-мемлекеттердің, халықаралық қаржы институттары мен халықаралық ұйымдардың қаржылық және басқа да ресурстарын тарту мүмкіндігін зерделеуге құқылы.

8. Орталықтың қызметкерлері жұмысқа конкурстық негізде келісім-шарт бойынша қ а б ы л д а н а д ы .

9. Орталықтың лауазымды тұлғаларының: жеке пайдасы немесе басқа да тұлғалардың пайдасы үшін (ғылыми, шығармашылық және оқытушылықтан басқа) коммерциялық немесе өзге де қызметпен айналысуға; халықаралық қызметшілердің дәрежесіне сәйкес келмейтін қызметпен, атап айтқанда саяси партиялар мен бірлестіктердің мүддесіне қызмет бабын пайдалануға; жеке және заңды тұлғалардан, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардан өзінің қызметтік міндеттерін орындамауына және/немесе тиісінше орындамауына байланысты сыйақылар (сыйлықтар, ақшалай сыйақылар, несиелер, көңіл көтеру, демалу төлемдерін және өзге де сыйақылар) алуға; мемлекеттік биліктің заңды (өкілетті) органының, жергілікті өзін-өзі басқару органының депутаты болуға;

Орталықтың материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету қаражатын, сондай-ақ басқа да мүлкін қызметтік емес мақсаттарда пайдалануға құқығы ж о қ .

10. Орталықтың персоналы және өкілетті өкілдері Орталыққа зиян келтіретін іс-әрекеттерге немесе жария түрдегі, жазбаша немесе ауызша әңгімелерге жол бермеуі т и і с .

11. Орталық персоналын ақшалай ұстау Орталықтың бюджетінен қамтамасыз е т і л е д і .

12. Орталық персоналына ұзақтығы Орталықтағы жұмыстың әрбір айы үшін екі жарым тәулік есебінен белгіленетін жыл сайын төленетін еңбек демалысы беріледі.

13. Лауазымды тұлғаның келісім-шартын жасасу және тоқтату кезінде барлық ұйымдастырушылық-қаржылық мәселелерді Орталық шешеді.

14. Лауазымды тұлғамен келісім-шартты тоқтату үшін:

келісім-шарт мерзімнің аяқталуы;  
лауазымды тұлғаның өз бастамасы;

Орталықты тарату, қайта ұйымдастыру немесе оның штатын қысқарту;  
лауазымды тұлғаның өз міндеттерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы;  
лауазымды тұлғаны жіберуші мемлекеттің шақыртып алуы;  
тараптардың еркіне тәуелді емес жағдайлар бойынша өзінің міндеттерін орындау мүмкіндігінің болмауы негіз болып табылады.

15. Орталықтың персоналына белгіленген үлгідегі куәлік беріледі.

### **3. Персоналды іріктеу, жіберу және шақыртып алу тәртібі**

16. Лауазымды тұлғалар жұмысқа Тараптардың ұсынысы арқылы келісім-шарт бойынша екі жыл мерзімге конкурстық негізде қабылданады. Келісім-шартты жіберуші мемлекеттің келісімі бойынша Директор ұзарта алады.

17. Орталықта бос лауазымдарға кандидаттарды іріктеу Тараптардың құзыретті органдары өкілдерінің қатарынан және Тараптардың қолданыстағы ұлттық заңнамасына сәйкес жүргізіледі. Кандидаттарды іріктеу Тараптар үшін тең өкілдік қағидаты бойынша жүзеге асырылады. Кандидаттарды жіберуші мемлекеттің құзыретті органдары тексеруі тиіс және құпия құжаттармен және материалдармен жұмысқа қажетті рұқсаты болуы тиіс.

18. Кандидаттар мынадай негізгі талаптарға жауап беруі тиіс:  
Тараптардың бірінің азаматы болуы;  
нақты лауазымға тағайындалатын тұлғаларға қойылатын тиісті талаптарға кәсіби дайындығы (біліктілігі) болуы;

Тараптардың құзыретті органдарында практикалық жұмыс тәжірибесінің болуы;  
ресми тілді еркін меңгеруі;  
жұмысты ұйымдастырудың қазіргі заманғы техникалық құралдарымен, бірінші кезекте компьютер жүйелерімен, сондай-ақ байланыс жүйелерімен жұмыс істеу дағдысының болуы;  
жоғары білімінің болуы.

19. Кандидаттар мынадай біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс:

1) орталық директоры - жіберуші мемлекеттің құзыретті органының орталық аппаратында кемінде 15 жыл, оның ішінде Орталықтың құзыретіне кіретін мәселелерді шешуге байланысты басшы лауазымдарда кемінде 10 жыл кәсіби жұмыс тәжірибесінің болуы;

2) директордың орынбасары - жіберуші мемлекеттің құзыретті органының орталық аппаратында кемінде 12 жыл, оның ішінде Орталықтың құзыретіне кіретін мәселелерді шешумен байланысты басшы лауазымдарда кемінде 8 жыл кәсіби жұмыс тәжірибесінің болуы;

3) кеңесші - жіберуші мемлекеттің құзыретті органының орталық аппаратында кемінде 10 жыл кәсіби жұмыс тәжірибесінің болуы;

4) аға маман - жіберуші мемлекеттің құзыретті органының орталық аппаратында кемінде 8 жыл кәсіби жұмыс тәжірибесінің болуы;

5) маман - жіберуші мемлекеттің құзыретті органының орталық аппаратында кемінде 5 жыл кәсіби жұмыс тәжірибесінің болуы.

20. Орталықтың техникалық персоналы лауазымына кандидаттар мынадай біліктілік талаптарына жауап беруі тиіс:

1) аударма функциясын жүзеге асыратын персонал - үздіксіз аударма жұмысында кемінде 3 жыл тәжірибесінің болуы, орыс және ағылшын тілдерін еркін, сондай-ақ, мүмкіндігінше болатын мемлекеттің мемлекеттік тілін меңгеруі;

2) бухгалтерлік функцияны жүзеге асыратын персонал - мемлекеттік құрылымдарда және халықаралық ұйымдарда бас бухгалтер ретінде кемінде 5 жыл үздіксіз жұмыс тәжірибесінің болуы;

есепке алу мақсаттары үшін ақпаратты компьютерлік өңдеу базаларын пайдалана және жетілдіре білуі;

орыс және ағылшын тілдерін меңгеруі, халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасу білімінің/тәжірибесінің болуы;

3) шаруашылық функциясын орындайтын персонал: жоғары немесе арнайы инженерлік-техникалық білімінің болуы; мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы; коммуналдық қызмет көрсету жүйелерін пайдалануда және жөндеуде тәжірибесінің болуы және кеңсе жабдығының әр түрімен жұмыс істей білуі; қолданыстағы жүргізуші куәлігінің және жүргізу дағдысының болуы;

4) кеңсе және мұрағат жұмысына жауап беретін персонал: жоғары немесе орта арнайы білімінің болуы; іс жүргізуді, оның ішінде құпия іс жүргізе білуі.

Құжаттармен және мұрағатпен кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы; компьютерлік жүйелермен жұмыс істеу дағдысының болуы; орыс және мүмкіндігінше, ағылшын тілдерін меңгеруі;

5) хатшы-машинист функциясын жүзеге асыратын персонал кемінде 5 жыл хатшылық жұмыс тәжірибесінің болуы;

компьютерлік жүйелермен және автоматтандырылған кеңсе құралдарымен жұмыс істеу дағдыларының болуы;

орыс және мүмкіндігінше, ағылшын тілдерін меңгеруі тиіс.

#### **4. Өкілетті өкіл**

21. Өкілетті өкілдер, олар кадрында тұрған Тараптардың құзыретті органдарының ұсынысы бойынша Орталыққа іс-сапарға жіберіледі. Өкілетті өкілдің жұмыс істеу мерзімі мен тәртібі жіберуші мемлекеттің заңнамасына сәйкес белгіленеді.

22. Орталыққа жіберілетін өкілетті өкіл мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс: құзыретті органдардың жедел бөлімшелерінде кемінде 10 жыл кәсіби жұмыс

тәжірибесінің болуы;  
құзыретті органның орталық аппаратындағы басшы лауазымдарда жұмыс  
тәжірибесінің болуы;  
талдау жұмысы дағдыларының болуы;  
жұмысты ұйымдастырудың қазіргі заманғы техникалық құралдарымен, оның ішінде  
компьютерлік жүйелермен жұмыс істеу дағдыларының болуы;  
Орталықтың ресми тілін меңгеруі;  
құпия ақпаратпен жұмыс істеуге рұқсатының болуы.

23. Орталықтағы өз қызметінде өкілетті өкіл мыналарға міндетті:  
жіберуші мемлекеттің құзыретті органдарының мүддесін білдіруге;  
Орталық пен жіберуші мемлекеттің құзыретті органдары арасында ақпарат  
алмасуды қамтамасыз етуге;

басқа қатысушы-мемлекеттердің өкілетті өкілдерімен өзара іс-қимылды жүзеге  
асыруға;

Орталықта алынған және өкілетті өкілдерден алынған ақпаратты бағалауға және  
оны жіберуші мемлекеттің құзыретті органдарына беруге;

Орталықтың сұрау салуы бойынша жіберуші мемлекеттен немесе басқа да  
қатысушы-мемлекеттердің өкілетті өкілдерінен алынған ақпаратты талдауға қатысуға;

Орталыққа және ұлттық заңнаманың ережесіне қатысты басқа да  
қатысушы-мемлекеттердің өкілетті өкілдеріне кеңес беруге;

қатысушы-мемлекеттердің құзыретті органдары, ұлттық құзыретті органдары және  
Орталық арасындағы ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды дамытуға жәрдемдесуге;

бақыланатын жеткізулерді қоса алғанда, келісілген бірлескен халықаралық  
операциялар, жедел-ізвестіру іс-шараларын ұйымдастыруға және өткізуге  
жәрдемдесуге;

жіберуші қатысушы-мемлекеттегі есірткі жағдайын дамыту туралы Орталыққа және  
қатысушы-мемлекеттердің өкілетті өкілдеріне ақпарат беруге;

қатысушы-мемлекеттердің заңнамаларын үйлестіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге;  
ОАӨАҰО-ның ОДБ толықтыруға қатысуға.

24. Орталық өкілетті өкілге олар өздерінің міндеттерін орындау кезінде қолдау  
көрсетеді, оның ішінде:

өкілетті өкілдің сұрау салуларын уақытылы қарайды және басқа да қажетті жәрдем  
көрсетеді;

жабдықталған үй-жайды беруді қоса алғанда, өкілетті өкілдің тиімді қызметін  
қамтамасыз етеді;

өкілетті өкілдің қызметі барысында туындайтын мәселелерді уақытылы шешеді.

25. Өкілетті өкіл:

Орталық директорының жетекшілік ететін орынбасарымен өзінің жұмысын  
үйлестіреді;

Орталықтың ішкі ережесін сақтайды;

Орталықтың алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге күш-жігерін қ о с а д ы ;

өзінің қызметі туралы Орталықтың басшылығына ай сайын ақпарат береді.

26. Өкілетті өкіл өзіне жүктелген міндеттерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Директор жіберуші мемлекеттің құзыретті органының мекен-жайына оны мерзімінен бұрын шақыртып алу туралы ұсыныс жіберуге құқылы.

27. Өкілетті өкіл берілген рұқсат және орындалатын міндеттер деңгейіне сәйкес келетін дәрежеде ОАӨАҰО-ның ОДБ пайдалануға құқығы бар.

28. Өкілетті өкілге жыл сайынғы және басқа да демалыстарды Орталық басшылығының келісімі бойынша оның баянатының негізінде жіберуші мемлекеттің ұлттық құзыретті органы береді.

29. Өкілетті өкіл ұлттық даталар бөлігінде ұлттық заңнамаға сүйенеді және Орталыққа өз мемлекетінің құзыретті органы растаған ұлттық даталардың тізімін ұсынады.

## **5. Бақылаушы**

30. Орталықтың жанындағы бақылаушы мәртебесі үшінші тарапқа берілуі мүмкін. Мәртебе беру және тоқтату туралы немесе оның күшін жою туралы шешімді Кеңес қ а б ы л д а й д ы .

31. ОАӨАҰО жанындағы бақылаушы мәртебесін беру рәсімі:

ОАӨАҰО Директорына мемлекеттің, құзыретті халықаралық ұйымның дәлелді ж а з б а ш а ө т і н і ш і н ;

ОАӨАҰО Директорының аталған өтінішті Кеңестің қарауына енгізуін; Кеңестің өтінішті қарауы және консенсус негізінде бақылаушы мәртебесін беру туралы шешім қабылдауын көздейді;

32. ОАӨАҰО жанында бақылаушы мәртебесі бар мемлекет, халықаралық ұйым Орталықпен байланысты Орталықтағы өздерінің өкілдері арқылы жүзеге асырады.

33. Орталыққа жіберілген бақылаушы мемлекеттің өкілі мынадай өлшемдерге с ә й к е с б о л у ы т и і с :

ұлттық құзыретті органдарда қызметте болуы;  
жедел бөлімшелерде кем дегенде 10 жыл кәсіби тәжірибесі болуы;  
құзыретті органның орталық аппаратында басшы лауазымдарда жұмыс т ә ж і р и б е с і н і ң б о л у ы ;

талдау жұмысында дағдыларының болуы;  
жұмысты ұйымдастырудың қазіргі заманғы техникалық құралдарымен, оның ішінде компьютерлік жүйелермен жұмыс істеу дағдыларының болуы;

кажет болған жағдайда құпия ақпараттармен жұмыс істеуге тиісті рұқсатының б о л у ы ;

құпия ақпаратпен жұмыс істеуге рұқсатының болуы.

#### 34. Бақылаушының өкілі өз қызметінде:

Орталық пен жіберуші мемлекеттің құзыретті органдары, халықаралық ұйымдар арасында өзара мүдделілік тудыратын ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді; қатысушы мемлекеттердің өкілетті өкілдерімен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

Бұдан басқа, бақылаушы мемлекеттің өкілі: жіберуші мемлекеттің құзыретті органдарының мүддесін білдіреді;

Орталыққа және қатысушы мемлекеттердің өкілетті өкілдеріне ұлттық заңнама ережелеріне қатысты кеңес береді;

қажет болған жағдайда келісілген бірлескен халықаралық операциялар, жедел-ізвестіру іс шараларын, оның ішінде бақыланатын жеткізулерді ұйымдастыруға және өткізуге жәрдемдеседі;

жіберуші мемлекеттегі есірткі ахуалының дамуы туралы Орталықты хабардар етеді.

#### 35. Бақылаушының өкілі:

талқыланатын тақырып бойынша сөз сөйлеу мүмкіндігі беріле отырып, дауыс беруге құқынсыз есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдары басшыларының ресми ашық кездесулеріне қатысуға;

кейіннен қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдарына қарауға беру үшін өз ұсыныстарын ОАӨҰО Директорына енгізуге;

Орталықтың құзыреті шеңберінде сұрау салу жіберуге және алуға құқылы.

36. Бақылаушы өкілінің болатын мемлекетте болу шарттары болатын мемлекеттің Үкіметі мен Есірткінің, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі Орталық Азиялық өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығы арасындағы болу шарттары туралы Келісіммен реттеледі.

#### **6. ОАӨҰО-ның орталықтандырылған деректер банкі**

37. ОАӨҰО-ның ОДБ дегеніміз - өзіне деректер базасын, техникалық және бағдарламалық құралдарды, коммуникациялық жабдықты, деректерді автоматтандырылған түрде жинауды, сақтауды, өңдеуді және оларды қорғауды қамтамасыз етуге арналған перифериялық және басқа құрылғыларды қамтитын автоматтандырылған ақпараттық жүйені білдіреді.

#### 38. ОАӨҰО-ның ОДБ құрудың негізгі мақсаттары:

қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдарының есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл саласындағы ақпараттық ресурстарын жинау және сақтау;

осы проблемаға қатысты әр түрлі мәліметтерді талдау;

ақпараттық ресурстар алмасу саласындағы құқық қорғау қызметін өңірлік үйлестіруді жақсарту болып табылады.

39. ОАӨҰО-ның ОДБ-да қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдары мен ОАӨҰО бірлесіп пайдалануына арналған есірткінің заңсыз айналымына және онымен

байланысты қылмысқа қатысты ақпарат жинақталады.

40. ОАӨАҮО-ның ОДБ қатысушы мемлекеттердің ақпарат алмасу және қорғау жөніндегі ұлттық заңнамасының ережелерін ескере отырып, қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдарынан, сондай-ақ басқа ақпарат көздерінен келіп түсетін ақпараттық ресурстар негізінде қалыптасады.

41. ОАӨАҮО-ның ОДБ жұмыс істеуі тиісті тексерістен және сертификациядан өткен стандартталған техникалық және бағдарламалық құралдарды, сондай-ақ есептік деректердің бірыңғай форматтары мен жіктемелерін, ОАӨАҮО белгілеген тәртіппен ақпарат алмасудың стандартты хаттамалары мен регламенттерінің негізінде, қатысушы мемлекеттердің ұлттық заңнамасының ережелерін ескере отырып, бірдейлендірілген ақпараттық ресурстарды қолдана отырып, жүзеге асырылады.

42. ОАӨАҮО ОДБ-ның жұмыс істеуі үшін ОАӨАҮО жауапты болып табылады, ол қатысушы мемлекеттермен бірлесіп ОАӨАҮО ОДБ-ның бағдарламалық-техникалық кешенінің үздіксіз пайдаланылуын, рұқсат беру шектелген мәліметтермен жұмыс жөніндегі талаптарды сақтай отырып, ақпаратты автоматтандырылған түрде жинауды, өңдеуді, жүйелеуді және сақтауды қамтамасыз етеді.

43. ОАӨАҮО-ның ОДБ-да жинақталған ақпараттық ресурстарының меншік иесі оларды берген қатысушы мемлекет болып табылады. ОАӨАҮО-ның ОДБ-дағы мәліметтерді барлық қатысушы мемлекеттердің сұрау салу негізінде және ақпараттың меншік иесінің келісімі бойынша пайдалануын ОАӨАҮО қамтамасыз етеді. ОАӨАҮО ОДБ-дағы ақпаратты ОАӨАҮО-ға кірмейтін мемлекеттерге немесе құзыретті халықаралық ұйымдарға беру қажет болған жағдайда ақпарат алуға рұқсат беру мәселесі ОАӨАҮО ОДБ-ға ақпарат ұсынған қатысушы мемлекеттің келісімі бойынша шешіледі.

44. Есірткіні заңсыз айналымнан алу фактілері, оған ықпал еткен жағдайлар туралы мәліметтерді қамтитын ақпарат; есірткінің заңсыз айналымына қатысы бар жеке және заңды тұлғалар; қатысушы-мемлекеттердің тиісті нормативтік құқықтық кесімдері туралы мәліметтер; осы салаға қатысты анықтамалық, талдау және статистикалық материалдар. ОАӨАҮО-ның ОДБ-ға, сондай-ақ және қатысушы мемлекеттер ұсынған, есірткінің заңсыз айналымы мәселелеріне қатысты өзге де мәліметтер қамтылуы мүмкін. Берілетін ақпаратта қамтылған деректер тізбесі осы Ережеге N 1 қосымшада келтірілген.

45. Қатысушы-мемлекеттер ұсынылатын ақпараттың ОАӨАҮО-ның ОДБ тізбесіне сәйкес толықтығын, дәлдігін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

46. Әрбір ақпараттық хабарлама оны жіберуші меншік иесі - қатысушы-мемлекет және құзыретті орган, сондай-ақ ондағы мәліметтерде қамтылғандарға рұқсат тәртібі туралы мәліметтермен бірге ОАӨАҮО-ның ОДБ-да сақталады.

47. ОАӨАҮО және қатысушы-мемлекеттердің құзыретті органдары ОАӨАҮО-ның ОДБ пайдаланушылары болып болып табылады.

48. ОАӨАҮО ОДБ шеңберінде ақпарат алмасу байланыстың қорғалған арналарын пайдалануды, ақпарат көзін сәйкестендіруді және түпнұсқаландыруды; пайдаланушылардың авторлығын басқаруды қамтамасыз етуді және санкцияланбаған енудің жолын кесу, сондай-ақ ақпаратты пайдалануды тиісті тіркеу журналын жүргізуді өзіне қамтитын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етуді ескере отырып жүзеге асырылады.

49. ОАӨАҮО-ның ОДБ пайдаланушылары ақпаратты қорғау деңгейін ескере отырып, қатысушы-мемлекеттермен келісім бойынша белгілейтін, тиісті рұқсат деңгейі үшін көзделген көлемде ақпарат алады.

50. ОАӨАҮО ОДБ-ға ақпарат ұсынған құзыретті орган оған тиісті рұқсат деңгейін белгілейді және оны таңдағаны үшін жауап береді. Ақпаратқа рұқсат деңгейін таңдау кезінде құзыретті органдар олардың ұлттық заңнамасына сәйкес ақпараттың жіктемесін ескереді.

51. ОАӨАҮО қатысушы-мемлекеттердің құзыретті органдарын оларға қатысты ақпарат туралы, сондай-ақ қылмыстар пен құқық бұзушылықтар арасында табылған байланыстар туралы хабарлайды.

52. Ақпарат алмасу процесінде не ОАӨАҮО-ның ОДБ-дан алынған ақпаратты пайдаланушылар олардың ұлттық заңнамасына сәйкес осы ақпаратты қорғау, өңдеу режимін және пайдалану тәртібін бұзғаны үшін жауап береді.

53. ОАӨАҮО қатысушы-мемлекеттермен бірлесіп: деректерді ұсынудың және берудің қолданыстағы сәйкестендірілген форматын зерделейді және әзірлейді, оларды ОАӨАҮО-ның ОДБ-да пайдалану, сондай-ақ оларды өңдеу және мүдделі пайдаланушыларға ұсыну тәртібін белгілейді; қатысушы-мемлекеттер құзыретті органдарының ұйымдастырылған автоматтандырылған ақпараттық жүйелерінің әр түрлі бірлескен жұмыстарының тәртібін ОАӨАҮО-ның ОДБ әзірлеуге арналған жүйелі техникалық тапсырманы дайындауды қамтамасыз етеді;

бас есептеуіш кешен және ОАӨАҮО-ның ОДБ ақпараттық ресурстарына қашықтықтан қол жеткізуді ұйымдастыруды қамтамасыз ететін қатысушы-мемлекеттердің есептеу кешендері жүйелерінің және абоненттік пункттерінің құрамында ОАӨАҮО ОДБ жүргізу үшін аппараттық платформаға құрамын және талаптарын бекітеді;

ақпаратты беру мен алудың мерзімін және тәртібін белгілейді; есепке алу құжаттарының нысандарын, есеп беру бланкілердің үлгілерін және оларды толтыру тәртібін белгілейді.

54. Қатысушы-мемлекеттер бас есептеу кешендерінің қатысушы мемлекеттердің есептеу кешендерімен және абоненттік пункттерімен өзара іс-қимылды ұйымдастыруға мүмкіндік беретін қорғалған байланыс арналарын бөлуді; ОАӨАҮО ОДБ-ның қатысушы-мемлекеттердің автоматтандырылған ақпарат жүйелерімен өзара



іс-қимылды қамтамасыз ету үшін ақпаратты сақтау мен алмасудың, деректерді жинаудың, сақтаудың, өңдеудің және оларды мүдделі орындаушыларға берудің тәртібін бірыңғай форматтарына ұйымдастырылған деректерді түрліше келтіруді қамтамасыз ететін аппараттық-бағдарламалық кешендерді және қолданбалы бағдарламалық өнімдерді құруды қамтамасыз етеді;

55. Қатысушы-мемлекет ОАӨАҰО құру туралы келісімнен шыққан жағдайда бұл мемлекет ұсынған ақпаратты одан әрі пайдалануға құқық онымен келісім бойынша шешіледі;

56. ОАӨАҰО қызметі қайта ұйымдастырылған немесе тоқтатылған жағдайда ОАӨАҰО-ның ОДБ-дағы ақпаратты одан әрі пайдалану мәселесін қатысушы-мемлекеттер келіссөздер жолымен шешеді.

## **7. Ұлттық үйлестіруші орган**

57. Ұлттық үйлестіруші орган:

Орталыққа жедел және өзге ақпарат ұсынады;

АӨАҰО-ның ОДБ-ға ақпарат ұсынады;

ақпарат ұсыну туралы Орталықтың сұрау салуларына ден қояды;

жедел және өзге ақпаратқа сараптамалық баға беру туралы Орталыққа сұрау салады;

;

ОАӨАҰО-ның ОДБ-дан жедел және өзге ақпарат ұсыну туралы Орталыққа сұрау салады не оны басқа қатысушы-мемлекеттерден сұратады;

бірлескен операциялар, жедел-іздістіру іс-шараларын, оның ішінде бақыланатын жеткізулерді өткізу үшін Орталыққа сұрау салулар береді және алады; ұлттық заңнама бойынша түсініктер береді.

## **8. Бюджет, аудит және қаржылық басқарма**

58. Барлық міндеттемелер мен төлемдер шығыстарын, сондай-ақ түсімдерді жинауды бақылауды қаржы бақылаушылары мен аудиторлар жүзеге асырады. Түсімдер мен шығыстардың жекелеген баптары кейінгі мониторингтің мәні болуы мүмкін.

59. Орталық Директоры әр үш ай сайын кеңеске, сондай-ақ Орталықты қаржыландыруды жүзеге асыратын халықаралық ұйымдар мен донор-мемлекеттерге қаржылық есеп береді.

60. Қаржы жылы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін созылады.

61. Бюджетке енгізілген барлық түсімдер мен шығыстар бойынша шоттар, сондай-ақ баланстық есеп жыл сайынға аудитке жатады. Осы мақсат үшін директор келесі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей, Кеңеске жылдық есеп береді.

62. Орталықтың Директоры аудиторларды барлық ақпаратпен қамтамасыз етеді және оларға өздерінің міндеттерін орындау үшін қажет болуы мүмкін барынша жәрдем көрсетеді.

63. Кеңес тиісті қаржы жылына арналған бюджетті орындауға рұқсат ету туралы шешімді жылдық қаржылық есеп бойынша аудиторлардың ресми пікірі негізінде

ө з г е р т у і

м ү м к і н .

64. Қаржылық бақылаушы жұмысқа конкурстық негізде қабылданады. Қаржылық бақылаушыны Кеңес тағайындайды және босатады. Өзінің міндеттерін орындай отырып, қаржылық бақылаушы Кеңеске ғана есеп береді.

65. Қаржылық бақылаушы мен Орталық бухгалтерінің функциясын бір адам атқара а л м а й д ы .

66. Қаржылық бақылаушының функциясына мыналар кіреді:  
Орталықтың барлық шығыстары бойынша міндеттемелер;  
Орталықтың барлық шығыстарын жүзеге асыру;  
Орталықтың барлық түсімдері.

Қаржылық бақылаушы кейіннен түсімдер мен шығыстардың жекелеген баптарының мониторингін жүзеге асырады.

67. Қаржылық бақылаушы жеткілікті негіз бар болған жағдайда қаржылық операцияларды орындауды бекітпеуі мүмкін. Бұл жағдайда ол Орталықтың басшылығын және бухгалтерді олар қабылдаған шешімнің себептері мен негізділігін көрсете отырып хабардар етеді.

Мұндай жағдайда Директор қаржылық бақылаушының бас тартуын қарайды және қаржылық бақылаушының дәлелдерімен келіседі не келіспейді және аталған қаржылық операцияның орындалуын бекітеді.

Осыған ұқсас әрбір жағдаймен Кеңес және аудиторлар дереу хабардар етіледі.

68. Әрбір тексеріс бойынша Директорға, Кеңеске, сондай-ақ Орталықты қаржыландыруды жүзеге асыратын халықаралық ұйымдарға және донор-мемлекеттерге есеп беріледі. Директор әрбір есеп берудің нәтижесі бойынша қабылданған шаралар туралы Кеңесті, сондай-ақ Орталықты қаржыландыру жүзеге асыратын халықаралық ұйымдар мен донор-мемлекеттерді хабардар етеді.

69. Қаржылық бақылаушы жыл сайын Кеңеске ішкі қаржылық бақылау жөніндегі қызмет туралы есеп береді. Есеп сондай-ақ Орталықты қаржыландыруды жүзеге асыратын донор-мемлекеттер мен халықаралық ұйымдарға беріледі.

70. Қаржылық құжаттардағы екінші болып қол қою құқығы Орталықтың бухгалтеріне тиесілі.

Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі Орталық Азия өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығы туралы ережеге

қосымша

**ОАӨАҰО-нің  
ақпаратта  
ТІЗБЕСІ**

**ОДБ-ға  
ұсынылатын**

**жолданатын  
деректер**

ОАӨАҮО-нің ОДБ-ға берілетін ақпаратта мәліметтердің, оларға байланысты әкімшілік деректерді қоса алғанда, төменде көрсетілген санаттарын көрсету ұсынылады

1. Есірткінің заңсыз айналымына қатысы бар жеке тұлғаның жеке басы туралы деректер :

1) есепке алу - тіркеу :  
қазіргі және бұрынғы тегі;  
қазіргі және бұрынғы есімі;  
әкесінің аты ;  
тұрмыс құрғанға дейінгі тегі;  
жынысы ;  
туған күні ;  
туған жері ;  
ұлтты ;  
азаматтығы ;  
отбасы жағдайы ;  
лақап аты ;  
қысқа аты ;

қазіргі және бұрынғы болған жері/тұратын жері.

2) дене бітімінің сипаттамасы:  
дене қасиеттерінің суреттемесі;  
денсаулығының жай-күйі;

танытатын белгілері (белгілер/тыртықтар/татуировкалар және т.б.);  
визуальді сипаты, суреті және сыртқы түрі туралы басқа да ақпарат;  
сот-медициналық ақпарат (саусақ таңбалары, ДНК-ні бағалау нәтижелері, дауысы мен сөзінің ерекшеліктері, қан тобы, тіс дәрігерінің деректері).

3) жеке басын сәйкестендіру мыналарды білдіреді:  
танытатын құжаттарын ;

паспортының/ұлттық сәйкестендіру кәртішкесінің нөмірін;  
ұлттық сәйкестендіру нөмірлерін (егер бар болса) білдіреді.

4) жұмыс орны және дағдылары:  
білімі ;  
мамандығы ;

бұрынғы жұмыс орны және айналысқан жұмысы;  
қазіргі уақыттағы жұмыс орны және айналысатын жұмысы;  
дағдылары және білімінің басқа салалары (тіл білуі және басқасы).

5) экономикалық және қаржылық ақпарат:

қаржылық деректер (банк шоттары және кодтары, кредиттік кәртішкелері және т.с.с ) ;

- акцияларының болуы (шаруашылық жүргізуші субъектіні көрсете отырып), басқа да активтері;
- жеке меншігі туралы деректер;
- шаруашылық жүргізуші субъектілермен байланыстары;
- банктік және кредиттік келісім-шарттары;
- салық мәртебесі;
- өзінің қаржылық істерін басқаратын тұлға ретінде көрсететін басқа да ақпарат.
- 6) мінез-құлық деректері:
- күнделікті өмірі;
- жүріп-тұруы;
- жиі баратын орындары;
- қарудың және басқа да қауіпті заттардың болу мүмкіндігі;
- қауіптілік дәрежесі;
- ерекше қауіп-қатерлер, мысалы, кету мүмкіндігі, қосарланған агенттерді пайдалану, құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен байланыстары;
- криминалмен байланысты тон белгілері, өмірбаян мәліметтері;
- бейімділіктері;
- есірткіні теріс пайдалануы.
- 7) жедел қызығушылықты білдіретін байланыстары:
- байланыстардың немесе араласуларының типі мен табиғатын қоса алғанда, байланыстары мен серіктестері;
- әкесінің, шешесінің және басқа да жақын туысқандарының тегі.
- 8) пайдаланатын байланыс құралдары:
- телефон (стационарлық үйінің, қызметтік; ұялы; спутниктік), радиостанциясы, факсті, электронды почтаны пайдалану мүмкіндігі, хат-хабар алатын (жіберетін) почталық мекенжайы, Интернетке қосылуы.
- 9) Пайдаланатын көлік құралдары:
- осы көлік құралдарын сәйкестендіретін ақпаратты (тіркеу нөмірлерін) қоса алғанда, автомобильдер, су, әуе, теміржол көлігі.
- 10) ОАӨАҮО-нің құзыретіне жататын жеке адамның қылмыстық әрекеті туралы ақпарат.
- 11) осы адамды жергілікті, жалпы мемлекеттік, халықаралық іздеу салу туралы мәліметтер (іздеудің бастамашысын көрсете отырып);
- 12) бұрын сотты болуы,
- 13) қылмыстық әрекеттерге қатысу мүмкіндігі туралы мәліметтер;
- 14) қылмыстық әрекеттерге қатысуының мүмкін тәсілдері туралы мәліметтер;
- 15) қылмыстарды дайындау және/немесе жасау үшін пайдаланған немесе пайдалануы мүмкін құралдар.
- 16) қылмыстық топтардағы/ұйымдардағы мүшелілігі және олардағы жағдайы.

17) қылмыстық әрекетінің географиялық аумағы;

18) ОАӨАҮО-нің құзыретіне жататын қылмыстар немесе құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер, оның ішінде олар қашан және қайда жасалды, бұл ретте қандай тәсілдер және құралдар пайдаланылды.

19) осы адам туралы ақпарат сақталатын басқа ұйымдардың деректер базасына с і л т е м е .

2. ОАӨАҮО-нің құзыретіне жататын әрекеттер жасайтын қылмыстық топтардың, ұйымдардың немесе қоғамдастықтардың күдікті мүшелері туралы мәліметтер.

3. Қызметі ОАӨАҮО-нің құзыретіне жататын қылмыстық топтардың, ұйымдардың немесе қоғамдастықтардың, оның ішінде қатысушы мемлекеттердің құқық қорғау органдарындағы, билік құрылымдарындағы байланыстарының болу мүмкіндігі туралы мәліметтер .

4. Есірткінің заңсыз айналымымен мүмкін байланыстары туралы ақпараты бар заңды тұлғалар туралы ақпарат:

заңды тұлғаның атауы;  
орналасқан жері;  
тіркелген күні және жері;  
әкімшілік тіркеу нөмірі;  
құрылуының ұйымдық-құқықтық нысаны;  
банктерде, оның ішінде шетелдік банктерде қаржы қаражатының болуы;  
қызмет саласы;  
еншілес кәсіпорындары;  
құрылтайшылары (заңды және жеке тұлғалар);  
басшылық ететін персонал (директорлар, басқару төрағалары, бухгалтерлер);  
банктермен байланыстары.

5. Мынадай мәліметтерді қамтитын есірткінің айтарлықтай мөлшерін (БҮҰ ЕҚБ-нің жіктемесі бойынша) алу фактілері туралы мәліметтерді құрайтын деректі материалдар:

алынған күні;  
қатысушы мемлекет;  
алу жүргізілген елді мекеннің атауы;  
алынған есірткілердің атауы;  
алынған есірткілердің мөлшері;  
тығылған және алынған орны;  
тасымалдау тәсілі және есірткінің заңсыз айналымының мүмкін бағыты;  
есірткі сатушылардың белгіленген саны, олардың азаматтығы, жынысы, жасы.

6. Есірткі ахуалының дамуы, сондай-ақ қатысушы мемлекеттерде есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрестің нәтижелері туралы ақпаратты қамтитын талдау, анықтамалық, статистикалық материалдар және мәліметтер.

7. ОАӨАҮО-нің құзыретіне жататын қатысушы мемлекеттер ұлттық

заңнамаларының нормативтік құқықтық кесімдері.

8. Қатысушы мемлекеттер құзыретті органдарының, олардың мемлекетаралық қызметіне қатысты нормативтік құқықтық кесімдер.

9. Буып-түю маркировкаларының сипаттамасы және деректері, тығу және тасымалдау тәсілдері бар есірткі жинақтарынан алынған мәліметтер.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ